

2022: ЖЫЛЖАБАР



4-5 беттерде

«ҚАЗТУҒАНДАР ҚАЛҒАН ІЗ, ТАБЫЛДЫ – РУХ АЛДАСПАНЫ»



7 бетте

ӘР ЖЕҢІСТЕН ЖІГЕРЛЕНЕМІН



8 бетте



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№10 (124)
Желтоқсан, 2022 жыл

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫ ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕР!

Сіздерді егемен еліміздің әрбір тұрғыны үшін
ерекше күн – Тәуелсіздік күні мерекесімен
құттықтаймын!

Бүгінде Қазақстан елі ашық аспан, бейбіт
өмір аясында даму мен тұрақтылық
жолында өркендеп, әлемдік кеңістікте
танылып, орнын айқындап келеді. Қол
жеткізген Тәуелсіздігіміздің баянды, ел
тұғыры еңселі де биік болуы мемлекеттің
ертеңі – Жас ұрпақ, Сіздерге де тікелей
байланысты. Ендеше ойға алған белестерді
бағындырып, биіктерден көріну, қолынан іс
келетін, халқына қадірлі азамат атану –
біздің мақсат-мұратымыз болсын, барлық
жерде береке, бірлік орнасын!

Әрқайсымыздың қажырлы еңбегіңізбен сүйікті
Отанымыз – Қазақстан гүлдене көркейіп,
нығая берсін! Баршаңызға бақыт, табыс,
сәтті бастамалар мен сенімді болашақ
тілеймін! Көкбайрағы желбіреген еліміздің
ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

Саламат Идрисов,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің Басқарма төрағасы -
ректор



www.asu.edu.kz



media@asu.edu.kz



atyrauuniversity_official



Атырау университет

КӨК АСПАНДА МӘҢГІ АКАДЕМИК ҚАБДОЛОВ ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАЙДЫ

12 желтоқсан - филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зейнолла Қабдоловтың туған күні. Киелі Атырау топырағында дүниеге келіп, Мұхтар Әуезов сынды ірі тұлғадан білім алған қаламгер 2000 жылдардың басында университетімізде жұмыс істеп, әдебиет теориясынан дәріс берді, журналистика мамандығының ашылуына үлкен еңбек сіңірді. Бүгінде білім ордасында З.Қабдоловтың еңбектері мен шығармашылығын зерделеуге арналған «Қабдолов оқулары» дәстүрлі ғылыми конференциялар өтеді, ғалымның бюсті «Тұлғалар аллеясында» қойылған. Төменде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 2012-2016 жылдардағы ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, мемлекет және қоғам қайраткері Бейбіт Мамраевтың ерен тұлға жөніндегі естелігін жариялап отырмыз.



Көрнекті ғалым, жазушы, әдебиеттану ғылымында ерекше орны бар, көптеген оқулықтардың авторы, ұлы ұстаз, академик Зейнолла Қабдоловтың бүгін туған күні – ғалымға 95 жыл. Өмірінде ірі тұлға болған азаматтар уақыт өте көк аспандағы жұлдыз болып көрінеді.

Ғылымның шыңына көтерілген академик аға-апаларымыз – Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Шәмшиябану Сәтпаева, Мүслім Базарбаев, Рахманқұл Бердібаев, арамызда жүрген 94-тегі Мекемтас Мырзахметов ағаларымыздың өмірі жеңіл болған жоқ. Бұл жас ғалымдар тоталитарлық режимнің құрбаны болған ағаларымыздың Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Исмаилов т.б. қазақ рухының, қазақ әдебиетінің туын жерге түсірмей, ғылыми ізденістерін жалғастырып, биікке көтерді. Сол үшін ғана тарихта қалар еді. Ал 1950-1990 жылдары жазылған оқулықтар мен ғылыми еңбектері қазірде жас ізденушілерге ғылыми-рухани азық екені рас.

Академик Зейнолла Қабдолов ағамызбен көп жылдары (1980 жылдар-

дан 2000 жылдарға дейін) Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жұмыс істеді. Көптеген ғылыми текстерді, қолжазбаларды, жинақтарды талқылап, басылымға, қорғауға даярлап едік. Академик Қабдоловтың пікірі, терең ойлары таңғалдыратын. Бірден мәселенің негізін айтып қана қоймай, алдағы ғылыми ізденістердің бағытын анықтап беретін.

1985 жылы кандидаттық диссертацияма академик Зейнолла Қабдолов пікір жазып, мені кездесуге шақырды. Диссертациямды талқылап Құрманғазы көшесімен келе жаттық. Бір кезде Зекең аға аспанға қарап “Бейбіт, естідің бе? Ғұлама Қаныш Сәтпаевтың есімімен планета аталды”.

Сенемін, біздің астрономдар ашқан жұлдыздар академик Қабдоловтың есімімен көк аспанда мәңгі академик Қабдолов атымен жұлдыз жарқырайды.

Ғылым докторы, профессор, академик, мемлекет және қоғам қайраткері Бейбіт Баймағамбетұлы Мамраев

«ҚОҒАМ ДЕРТІН» БОЛДЫРМАУДЫҢ БІР ЖОЛЫ - АДАМ ФАКТОРЫН АЗАЙТУ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ұйымдастырылған «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіру» ғылыми-тәжірибелік конференциясы «қоғам дерті» аталып кеткен жат құбылысты болдырмау мен онымен күресіп, қарсы тұрудың аспектілерін талқылады.

«Біз адами факторды мейлінше азайтып, ақпараттық жүйеге көшуге баса назар аударған жағдайда жемқорлық та жат құбылыс ретінде жойыла бермек. Мәселен, осыдан 4 жыл бұрын мектепке дейінгі білім саласына ақпараттық жүйе енгізілді. Соның арқасында баланы балабақшаға тіркеу, кезегін сақтау, ауыстыру, беру процестері түгелдей автоматтандырылды. Оған дейін, расы керек, балабақшаға сабиін кезекке тұрғызу үшін біреуге ақша берген, басқалай да деректер кездескен еді. Қазіргі күні бұл қадам нәтижесін беріп, аталған проблеманы 99 пайызға дейін шешуге қол жеткізілді. Бірінші әдіс – осылайша «бармақ басты, көз қысты» әрекеттердің болуы ықтимал жүйелерді барынша ақпараттандыруға көшіру. Ал екінші әдіс – қоғамдық санамен жұмыс істеу деп білемін. Бүгінгі бас қосу да осы бағытта жүзеге асуда. Біз жемқорлыққа мүлдем төзбеу, іштей болса да келіспеу принциптерін ұстанып, ондай ұстанымымызды кез-келген жерде ашық айта алатындай болуымыз керек. «Бұзауды ұрлаған өгізді де ұрлайды» деген мақал бар. Бұл әр адам өзін тиісті жерде шектеуі керек дегенді білдіреді», – деген Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беру тұрғысынан алқалы жиынның берері көп екенін айта келіп, оның нәтижелі боларына сенім білдірді.

Сондай-ақ, конференцияда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлан Досанов, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбай-



лас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин, облыстық қоғамдық кеңестің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық бақылау, құқық қорғау мәселелері жөніндегі комиссиясы төрағасы Асхат Иманғалиев, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы – Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Ерлан Ермаханбетов және басқалары сөз алып, «2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты тұжырымдамасының» тиімділігі, осы орайдағы қоғамдық кеңестің атқарып отырған рөлі, атқарылып отырған іс-шаралар жөнінде жан-жақты баяндады.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов оқу орнындағы қолға алынған жұмыстармен таныстырды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҰҰ-ҒА МҮШЕ БОЛҒАНЫНА - 30 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғанына биыл 30 жыл толды. Бұл тарихи оқиға 1992 жылы 23 қаңтарда Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі өзінің 3034 отырысында Қазақстан Республикасының өтінішін қаарап, бірауыздан қабылдауынан басталды. Осы сәттен бастап, Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының аренадан орын алып, көптеген саяси қызметтерінде елдің мүддесін жүзеге асыруы жүктелген. Еліміздің бұл қадамына АҚШ, Қытай, Франция, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Бельгия, Үндістан, Египет, Нигерия, Бразилия елдері оң көзқарастары мен қолдауларын білдіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің саясатымен танысуға елшілерін жіберді.

БҰҰ-на еліміздің мүше болуы халықтың ғасырлар бойы тәуелсіздікке ұмтылуының жүзеге асырылуы және әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі деп білемін. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастардағы сенімді серіктес бола отырып, әлемдік қауымдастыққа етене араласты. БҰҰ мен Қазақстанның қарым-қатынасы республиканың халықаралық деңгейде танылуына да себеп болды.

1992 жылы 15 сәуірде ел Президентінің Жарғысымен Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі болып, Қазақстандық дипломат, елші – Арыстанбекова Ақмарал Хайдарқызы тағайындалды. Осы сәттен бастап, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекетпіз деп жариялап қана қоймай, жалпы адамзаттық мәселелерді шешуге, Ұйымның жиындарына қатысу мүмкіндігін алды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 46 сессиясында Елбасы Қазақстан Республикасының мүшелікке қабылдағанына алғыс білдіріп: «Қазақстан Республикасы бейбіт мемлекет ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында көрсетілген міндеттерді толықтай орындай алатынын, бұл беделді ұйым қызметінің барлық саласында белсенді түрде атсалысатынын» айтты. Елбасының осы бір сенімін ақтау жолында Қазақстан Республикасы

халықаралық ынтымақтастық пен саяси, экономикалық, мәдени, экологиялық және гуманитарлық бағыттардағы мәселелерді шешуде қызмет ете алатынын көрсетті. Оған дәлел, Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы мекемелері, қорлары, бағдарламаларының 15 өкілі қызмет етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ең басты әрі негізгі құжаты Жарғысына сәйкес, БҰҰ өз қызметінде келесідей 4 мақсат айқындалады: бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау; ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту; халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен адам құқығын құрметтеуді қолдау; осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу. Сондай-ақ Ұйым құрамына кіру, ол тек Жарғының талаптары мен мойындау ғана емес, халықаралық қауымдастықты қолдау, әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бітімгершілікті жүзеге асыру болып табылады.


Қауіпсіздік пен бейбітшілік мақсатында Қазақстан алғаш болып ядролық қарудан бас тартып, Біріккен Ұлттар Ұйымының алдында үлкен беделге ие болды. 29 тамыз – халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы жариялады. Бұл күн Семей полигонының жабылған күні болатын.

Терроризмге қарсы күрес – Біріккен Ұлттар Ұйымының басым бағыттарының бірі болып саналады. Қазақстан барлық түрлері мен көріністеріндегі терроризмді қатаң айыптайды және бұл құбылыспен күресте әлемдік қауымдастықтың ұжымдық күш салысуын қолдайды.

БҰҰ жұмысына қатысу – Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі. Біздің еліміз белсенді және теңгерімді ұстанымның арқасында бейбітшілік, қауіпсіздік және даму ісіне, сондай-ақ БҰҰ-ның функционалдық және құрылымдық жаңаруына өз үлесін қосады.

Венера НАУРЫЗОВА, азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.

ТАНЫМАЛ ФОТОТІЛШІЛЕР ШЕБЕРЛІК САҒАТЫН ӨТКІЗДІ



Оқу орнында қазақ фотографиясының дамуына зор үлес қосып жүрген «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің президенті Асылхан Әбдірайымұлы және «Күрмет» орденінің иегері Шүкір Шахайдың қатысуымен шеберлік сағаты өтті. «Фотография – сурет арқылы тарихты жазу» деп ұғындыратын осы өнердің майталмандары кездесу кезінде студенттерге қоғамда болып жатқан әр сәтті әдемі жеткізе білудің қыр-сырын, көзге іліне бермес сұлулықты көрсете білудегі ұтқырлық пен байқампаздыққа үйретіп, фотоөнер – жәй ғана қызығып қарайтын емес, кәсібилікті қажет ететін ғылым екенін түсіндірді.

Теория мен практика байланысқан шеберлік сағатында студенттер айтылған кеңестер бойынша білімдерін толықтырып, фотография саласы бойынша өздерін сынауға да мүмкіндік туды. Кездесу кезінде Асылхан Әбдірайымұлы бір топ студенттерге өзі жазған «Фотожурналист анықтамалығы» атты оқу-анықтамалық сөздігі мен сертификат табыстап, университеттің ғылыми кітапханасына да фотография өнері туралы жазылған бірнеше кітаптарды сыйға берді.



ЕЛДІҢ ЕГЕМЕН БОЛҒАНЫН ҚЫТАЙДА ЖҮРІП ТОЙЛАДЫҚ

Уәлібай Нұрбақыт 1972 жылы сәуірде ҚХР Іле Қазақ облысы, Күнест ауданы, Бестөбе ауылында туылған. 1990-1995 жылдары Бейжің ұлттар университетінде оқыған. 1995-2006 жылдары Құлжа қаласы, Іле педагогикалық университеті қытай филологиясы факультетінде оқытушы болған. 2006 жылы тарихи Отанына оралып, Қазақстан азаматтығына өткен. 2010 жылдан бері Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әлем тілдері, кейін көптілді білім беру факультетінде ұстаздық етуде. Ал 2017 жылдың қаңтар айынан бастап «Жібек жолы-бауырластар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы болып қосымша қызмет атқарады.

Тәуелсіздік – сан ғасырлар бойы ата-бабалардың аңсап өткен арманы болатын. Әсіресе, шет жердегі өмір сүріп жатқан қазаққа да қалай әсер еткені туралы айтсақ жүрек тебіренеді. 1962 жылы шекараның жабылып қалуына байланысты Қазақстан қазақтары туралы ақпарат Қытайда ашық айтылмайтын. Қытай цензурасы «стан» деген атауға жол бермейтін, Шығыс түркістан» рухының оянуынан қорқатын кез. 1986 жылы желтоқсан оқиғасы Қытай орталық ақпараттың жарияланып, Дінмұхамет Қонаев атамның міндетінен алынғаны, сол үшін содыр жастар бас көтеріп, Алматыда бүлік тудырғаны туралы хабар жетті. Ол кезде біздің оқушы санамыз Совет одағы коммунизмнің көшбасшысы деп солай қабылдайтынбыз. Кейін 1989 жылы Кеңес-Қытай мәдени байланыстары аясында Қазақстаннан «Гүлдер» ансамблі сол жаққа барып концерт берді. Сол кезде теледидардан ән айтқан қазақ қыздарын, солармен қатар Роза Рымбаева айтқан біз естіп көрмеген асқақ әуенді, сөз сөйлеу мәнері ерек, оркестрмен орындалған әндерді естігенде үлкен кісілердің көздеріне мөлт-мөлт еткен жас іркіп, «қазағымыз аман екен ғой, мәдениеттері жоғары екен ғо» деп гу-гу әңгіме еткендері есімде. «Абай жолы» ол кезде өте өтімді кітап болатын. Біздің бала көңіліміз Абайдың Тоғжанмен кезігетін Жидебайдағы қасқа бұлақты көрсек деп армандаумен жүретінбіз.

1990 жылы Бижиң қаласындағы Орталық ұлттар университетіне Күнест ауданы бойынша ең жоғары балл қабылдандым. Ол жерде 65 ұлттың студенті оқитын. Піндердің ішінде қазақ тілі мен әдебиеті де оқытылды. Қытайдағы аз ұлттарға арналған жоғары оқу орнында оқи жүріп, ұлтшыл болып есейгендейміз. Тарихи Отанымыздың жағдайы туралы күніне хабарлап жатады, құлағымыз түрік жүреді. Орталық кітапханада « Лениншіл жас « газеті, «Жұлдыз» журналы бар екен, соны оқып Желтоқсан оқиғасы, Алаш арыстары туралы оқып, тарихи сауатымыз арта түсті. Қазақ халқының біртуар азаматтары Мағжан, Мұқтар Шақан, Мұқағали өлеңдерін бірімізден біріміз көшіріп алып, жатқа айтатынбыз.

1991 жыл 16 желтоқсан күні кешкі орталық теледидар таратқан хабардан Қазақстанның тәуелсіз ел болғаны жариялаған кезде кешкі пысықтау сабағында отырған едік.



Санамда «Біз ел болдық! Қазақ ешкімге тәуелсіз, өзі қожа, өзі би болды» деген ой өне бойымды қыздырып бара жатты. Кітапханаға сыймай жатаққа келсем, группаластарым да жиналып қалыпты. Деруе ақша жинап, оны атап өту үшін 20 бала ресторанға барып, өз халқымыздың егемендік сырттай құттықтап қазақ еліне тілекші болдық. Таңертеңгі сағат сегіздегі сабаққа кешігіп кірдік. Негізі, кешігу ұят. Түрімізге қараған оқытушымыз: «Кеше Қазақстан тәуелсіздігін алды, соны тойлаған болдыңдар ғой» деді. «Иә, бүгін сабаққа құлқымыз жоқ, түсіністікпен қарауды өтінеміз» деп кешірім сұрадық. Оқытушымыз «демалыңдар» деп түсіністікпен қарады, егер олай болмағанда бәріміз қатаң жазаланушы едік. Ал, содан кейінгі Жаңа жыл кешіндегі концертте Ескендір Хасенғалиевтің «Атамекен» әнін хор қып орындағанбыз. Ұлттық айыбы, ең үлкен құндылық –Тәуелсіздігіміз нығайып, еліміз көркейе бергей!

Уәлібай НҰРБАҚЫТ

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР

Жалпы менің түсінігім бойынша тәуелсіздік қандай? Тәуелсіздік! Еркіндікті бағалайтын осы дүниеде бұдан асқан асыл сөз барма екен, шіркін! Бабаларымыздың бізге қалдырған асыл мұрасын бағалап ұлағаттауымыз қажет.

Тәуелсіздік бабалар-аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан бұл құдіретті сөздің мән-мағынасы тереңде жатыр. Еліміз Тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі – зожыл. Осы уақыт ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына ұйымшыл, дербес,

зайырлы ел болды. Ащы термен келген, тәтті жеңіспен төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн бұл. Желтоқсанның ызғарлы желіне қарамай, қарсы тұрған жастардың жалынды да жігерлі рухымен ерліктерінің арқасында осындай шаңырағы биік, керегесі кең, еркін халық болып қалыптаспақ.

«Ерінен айырылған өлгенше жылайды, Елінен айырылған өлгенше жылайды» осы мақалды оқитын болсақ кәдімгідей ой салады. Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол –

қасиетті қазақ даласы.

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар: ол тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы қаншама қазақ халқының қасіреті де, қасиетті де жетерлік тарихына айналды. Бұл оқиға қаншама ызғарлы естілсе де жанымызға нұр септі. Желтоқсан жаңғырығы біз үшін Тәуелсіздіктің алғышарты болды.

Айкөркем ЕРМЕКҚАЛИ,
филология 101/2

ШЫҢДА ӨСКЕН ШЫНАРСЫҢДАР (Желтоқсан құрбандарына арнаймын)

Жауқазын атқан ұланы елдің,
Шыңдарда өскен шынары елдің.
Самғашы биік қанатың талмай,
Көгіңде ұшқан қыраны елдің.

Шындықтың сырын ақтарып алдан,
Арайлы күннің ақ таңы болған.
Желтоқсан сайын оралар еске,
Өр мінез сол бір шақтарың алдан.

Еркіндікті аңсап алаңға шыққан,
Қарамай жасқа жанардан шыққан.
Қан жоса болып жатса да тәні,
Езгіге қарсы заманға шыққан.

Қыршыннан кеткен Қайраттарым – ай,
Сәбира, Ләззат саңлақтарым – ай.
Өжет боп туған Ерболдарым – ай,
Оқ бойы алдан озғандарым – ай.

Жүректі бүгін елжіреткендер,
Намысын бойға ерлік еткендер.
Ұмытпас ұрпақ сіздерді мәңгі,
Тәуелсіздік туын желбіреткендер.

Рухтарың көкпен таласып тұрар,
Қорған боп елге қарасып тұрар.
Өмірге келген жаңа ұрпақтарға,
Сәбира, Ләззат, Қайрат, Ербол деп
Есім қойсақ та жарасып тұрар.

Аңсаған елміз, еркіндік теңдік,
Жосықсыз, жөнсіз болмасын өрлік.
Жасай бер елім, аман бол халқым,
Тілеуі көптің бірлік пен елдік.

Фархат МУСАҰЛЫ

КӨКЖИЕКТЕН ЕРКІНДІГІМ САМҒАЙДЫ

Ғасырларға жеткен бүгін жыр үні,
Тәуелсіздік ұлылықтың ұлығы.
Шаңырағы биік болып қазақтың,
Қисаймасын берік болсын ұғы.
Ұлы арман – жаса Тәуелсіздігім,
Қолымызға берген елдік тізгінін.
Көкжиектен еркіндігім самғайды,
Дербес, бейбіт мемлекетіміз біз бүгін.
Тарихты білу өткенді білгендігің,
Бабалар өткен жолмен жүргендігің.
Тәуелсіздік тарихын сезінбесең,
Түкке тұрмас өмірді көргендігің.
Еркіндіктің қол созып шыңы мына,
Бабалардың тілге ерек ұлығы да
Қызыл қан, ащы жастың келуімен,
Қол создық Тәуелсіздік тұғырына.
Алты алашқа сақталған қойнауларың,
Білмеппін бұндай алтын қойнау барын.
Күмбездерін көк түмен желбіретіп,
«Жер байлығын ұрпағым көрсе» деген
Қазағым, орындалсын армандарың!
АНА ТІЛІМ – АЙБЫНЫМ!
Елім, жерім, тілім менің байлығым,
Шала қылып асырғандай пиғылың.
Қызыл таян, тіл күрмелген заманда,
Өзек өртеп тілім үшін қайғырдым.
Қазақ тілім, ғажап тілім бақытым,
Өткір жүздей мені ойға батырдың
Өлеңімнің сөз мәйегін келтіріп,
Тілімменен талай таңды атырдым.
Тілім менің жалын оттай қанаттан,
Тілі үшін көз жастардан қан аққан.
Мен сенемін әлі көкке самғайды,
Өшірмесін шоғын тілдің Жаратқан.
Әр нәрсенің есебі бар сұрамақ,
Тілдің жәйі мына бізден сұралад.
Егер тілім бір күндері жойылса,
Мен дайынмын өлуге де бүгін – ақ.
Тіл жайында негізі күйік бөлек,
Отқа түсіп өртенсең де кую керек.
Әр қазағым шынында айтар болсам,
Қазақ тілін шын жүректен сую керек.
Мен бақытты адаммын айта аламын жар сала,
Бұл бақытқа жетпегендер бұл өмірде
қаншама?

Тілім менің көзбен көріп, еститіндей нәрсе емес,
Жүрекпенен сезіледі сатылмайды ақшаға!

Тұрланқызы АЙТУҒАН,
көптілді білім беру факультетінің
«қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 1 курс студенті

АЗАТ КҮН

Тәуелсіздік – бұл менің азаттығым,
Он алтынышы желтоқсан ғажап күнім.
«Еліміз еркін болсын» деп күрескен,
Алты алаштың баласы қосқан үнін.
16 желтоқсан – бақытты күн,
Барша қазақ қуанышты болды бүгін.
Келіп қолға қаншама қиындықпен,
Кейінге ұмытылмас із қалдырдың.
Бақытты күн басуымызда талай күткен,
Білеміз келмегенін оңайлықпен.
Ұрпақ үшін күрескен бабаларым,
Тәуелсіздік туын, міне, желбіреткен.
Қазағым осылайша қазақ болған,
Сүрінбестен өткен бабам азап тордан.
Талай жыл бабаларым армандаған
Намысты өзге елге бермей қолдан.

Мағауия ЕРБЕКЕТ,
көптілді білім беру факультетінің
«қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 1 курс студенті

УНИВЕРСИТЕТТЕ МЕДИАОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Жыл басында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Атырау-Ақпарат» медиаорталығының ашылу салтанаты өтті. Медиаорталық келешекте студенттердің теория мен практиканы ұштастыра отырып, университет қабырғасында жүріп-ақ редакциялар мен баспахананың қайнаған тіршілігімен емін-еркін араласуына, кәсіби журналистерден тәлім алып, тәжірибе жинақтауын мақсат тұтады. Онда Атырау университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы, елімізге және өңірімізге танымал журналистер, медиа мамандары дәріс оқиды. Сонымен қатар, бұл айда жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен оқу орны қызметкерлері арасында «Балық аулау» жарысы өтті. Бұқаралық іс-шараларды қолдау және әуесқой балықшылармен кәсіби балықшыларды бір ортаға жинап, тәжірибе алмасу, ұжымдық көңіл-күй қалыптастыру ниетін көздеген шара соңында үздік балықшылар марапатталды.

**«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕКТЕБІ» АУДИТОРИЯСЫ АШЫЛДЫ**

Жоғары оқу орны мен «Docs and Box» ЖШС арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою рәсімі өтті. Оның мақсаты - білім беру және ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастық, корпоративтік ақпараттарды басқару жөнінде серіктестік қатынастар орнату. Осы айда «Мемлекеттік қызмет мектебі» ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департамент филиалы аудиториясы ашылып, студенттер ақын Ақұштап Бақтыгереевамен, Ақтау қаласындағы Әзірбайжан Республикасының Бас консулдығының басшысы, консул Эльмар Рагимоглы Маммадовпен кездесті. Тағы бір жаңалық, оқу орнының «Asu Press» баспа орталығы жаңа құрылғылардың арқасында қатты мұқабалы кітап шығара бастады. Айта кетейік, қатты мұқабаладағы кітап басылымның ұзақ мерзімде сақталуын қамтамасыз етіп, берік қорғайтынымен ерекшеленеді.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Бұл айда университет ұжымы Көрісу және Наурыз мерекелерін тойлады. Ұлттық ойындардан тимбилдинг, ұлттық тағам және спорт түрлерінен жарыстар өтіп, Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай алғаш рет «Біз жанбасақ» атты республикалық студенттер айттысы ұйымдастырылды. ҚР әділет вице-министрі Ақерке Ахметовамен «Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғаудың қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету» тақырыбында кездесу болып өтіп, Орталық Азияның Еуразиялық Қорымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Жалпы білім беретін мекемелердің 11 сынып оқушылары арасында өткен «Халел GRAND CUP» пікірсайыс турнирінің жүлдегерлері анықталды.

**ҒЫЛЫМ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ**

12 сәуір - қазақтан шыққан тұңғыш академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың туған күні, сондықтан бұл күн - Ғылым қызметкерлері күні деп жарияланған болатын. Осыған орай, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, оған облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетов келді. ҚР білім және ғылым министрлігінің 2022-2024 жылдардың ғылыми-техникалық жобалары бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру байқауының қорытындысы бойынша университет ұсынған екі жоба жеңімпаздар қатарына қосылды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы Қорған Бибінұр Бүркітқызы Түркия мемлекеті, Стамбул (Ticaret) университетінің Ректоры Yücel Oğurlu мырзаның арнайы шақыруымен іс-сапарға барды. Нұр-Сұлтан қаласындағы Үндістан Республикасы елшілігінің бірінші хатшысы Санжай Веди Атырау университеті ұжымы және студенттерімен кездесті. Кездесу барысында екі ел арасындағы ынтымақтастық, халықаралық қатынастар және білім ғылым саласы сөз болды. Осы айда «Үздік куратор-2022» сайысы өтіп, бас жүлдені экономика және құқық факультетінің аға оқытушысы Айымгүл Алдабергенқызы жеңіп алды.

«ҰСТАЗ» МЕКТЕБІНЕН АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕР ШЫҚТЫ

Оңтүстік астанада өтіп жатқан Орталық Азия елдері ректорларының форумы аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қырғыз Республикасындағы Ош мемлекеттік университеті мен Тыныстанов атындағы Ыстықкөл мемлекеттік университетімен меморандумға қол қойды. Университет ректоры Саламат Идрисов Түркі Дүниесі Білім Академиясының Құрметті академигі атанды. Бұл жөніндегі сертификатты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Жұбановтану» Ғылыми Зерттеу Орталығы жетекшісі, TUDBA Түркі Дүниесі Білімдер Академиясы Басқарма төрағасының орынбасары Мұхтар Миrows арнайы келіп табыстады. Astana IT University ректоры Дархан Ахмед-Заки, Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры Жасұлан Шаймарданов, шығыстанушы, ғалым, дипломат Қайрат Сәкімен кездесу өтті. «Ұстаз» мектебінің алғашқы түлектері «Сыңғырла, соңғы қоңырау» салтанатты шарасына қатысты. Биыл 63 оқушының 38-і мектеп бітіріп, алтын ұясымен қоштасқалы тұр. Биылғы мектеп бітуші түлектердің арасынан 8 оқушы «Алтын белгіге» үміткер және 2 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер деп танылған.

**ДИПЛОМ ТАПСЫРУ РӘСІМДЕРІ ӨТТІ**

Маусым айы жаңалыққа толы болды. Оқу жылының соңында университет түлектеріне салтанатты диплом тапсыру рәсімі өткізілді. Балалар жылына орай "Kids university" атты жазғы лагерінің ашылып, университеттің әскери кафедрасында 2022 жылғы оқу-жаттығу жиыны басталды. Тағы бір елеулі жаңалық, АҚШ Елшілігінің мәдениет және білім жөніндегі атташесі Эмбер Ора және ассистент Асият Сулейменовамен кездесу өтті. Онда Атырау университеті мен АҚШ Елшілігі арасындағы әріптестіктің ықтимал бағыттары, гранттық бағдарламалар, маман алмасу, Академиялық ұтқырлық, қос диплом, шақырылатын профессор бағдарламалары және басқа да мәселелер талқыланды. Бұдан бөлек, осы айда ҚР ҰҒА вице-президенті, ақпараттық және есептеу технологиялары институтының директоры Ғалымқайыр Мұтановпен, танымал спортшы Әмин Тұяқовпен, Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры, профессор Айман Мұсақожаевамен кездесу, «Дене шынықтыру және спорт мұғалімдерін даярлауды жетілдіру: теория және әдістеме мәселелері» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы, «Атырау облысының тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін» атты дөңгелек үстел өтіп, тарихшы ғалым Хисмет Табылдиев еңбектері талқыланды.

ҒЫЛЫМИ МАРАПАТТАР ТАБЫСТАЛДЫ

Университет ғалымдары, филология ғылымдары докторы, профессор Қадыр Жүсіп пен ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Бақтыбек Таубаев «Каспий маңы академиясы» - «Прикаспийская академия» қоғамдық бірлестігінің толық мүшесі академик атағын иеленді. Ғалымдарға марапатты биылғы оқу жылының қорытындылаған ғылыми кеңесте Академия президенті, педагогика ғылымдары докторы, профессор Асхат Иманғалиев салтанатты түрде табыстады. Сондай-ақ, оқу жылының қорытындысымен бір топ әріптесіміз Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов атындағы медалімен, «Үздік педагог», «Үздік менеджер» төсбелгілерімен марапатталды. Сондай-ақ, осы айда облыстық Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Жоғары оқу орнына түсудегі жаңалықтар, білім грантына құжат тапсыру ерекшеліктері, Атырау өңіріне арнайы бөлінген гранттар» тақырыбында брифинг өтіп, онда университет өкілдері журналистерге тақырыпты талдап түсіндіріп берді.



ШІЛДЕ

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Нұрлыбек Ожаев Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамымен кездесті. Кездесу барысында мәжіліс депутаты қысқаша жұмыс бағытындағы статистикаға, ғылым жолында атқарылып жатқан жобаларға тоқталып, қай бағытта қандай жұмыстар жасалғандығын айтып өтті. Сонымен қатар, депутаттық сауал арқылы шешілген мәселелермен де таныстырды. Жиын соңында Басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов университет қонағына алдағы оқу жылына студенттер үшін қажетті бірқатар ұсынысын айтып, білім саласына қатысты сауалдарға жауап берілді.

ТАМЫЗ



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ – ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚТАРМЕН

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғарғы білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев Атырауға келген сапарында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жанынан құрылған, ер балаларға арналған «Ұстаз» мектебінің жұмысымен танысты. Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының базасында археологиялық оқу-әдістемелік лабораториясы ашылды. Жаңа зертхана өлкенің археологиялық объектілерінде зерттеу жұмыстарын жүргізу, жастарды ғылыми зерттеулерге баулып, археология ғылымына және жалпы тарихқа деген қызығушылығын арттыру мақсатын көздейді. Осы айда, сондай-ақ, Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын үкімет» қағидасын ұстану жөніндегі Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, Қоғамдық қабылдау құрылып, жұмысын бастады. Келушілердің өтініш, арыз-шағымын тіркеп, оларды шешуге жұмыстанатын Қоғамдық қабылдау қызметіне қазіргі күні үш жүзден астам адам жүзінген. Үш рет «Проректор сағаты» ұйымдастырылды.



ҚЫРКҮЙЕК

ҚАЗАН



РЕКТОРДЫҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы халық алдында онлайн және офлайн форматта есеп берді. Онда 2021 оқу жылында атқарылған жұмыстар қорытындылады. Сонымен қатар, орнының жыл сайын әлемдік және республикалық рейтингтердегі позициясының жақсарып келе жатқандығы айтылды. Атап айтқанда, IQAA-RANKING агенттігі өткізген Қазақстанның үздік жоғары оқу орындары ұлттық рейтингінде 2021 жылы 10 орында болса, 2021 жылы «АТАМЕКЕН» ұлттық рейтингінде университеттің 3 білім бағдарламасы ТОП 3-ке, 5 ББ ТОП 5-ке, 8 ББ ТОП 10 – да орналасқан.

«РЕКТОР КУБОГЫ-2022» ӨТТІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің №2 Студенттер үйінде Ғылыми кітапханамен бірлескен «KITARtime» жобасы бастау алды. Дәстүрлі факультет аралық «Ректор кубогы-2022» жайдарман ойыны ұйымдастырылып, онда әр факультеттен жиналған 5 команда бақ сынады. Қалжың сөзге ұшқыр әзілкештер көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, әдемі қалжың арқылы өз шындықтарын жеткізе білді. Сайыс нәтижесінде 3-орынды көптілді білім беру факультеті иеленіп, 2-орынға физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті мен гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті жайғасты. Осы жылғы Ректор кубогы инновациялық білім беру факультетіне бұйырды.



ҚАРАША

ЖЕЛТОҚСАН



МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ ЖҰМЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

«Atyrau Youth Hackathon» инновациялық жобалар байқауы қорытындыланып, бірнеше студенттің жобасы үздік деп танылды. Ойлы оқырман клубының мүшелерінің басын қосып, іс-шаралар өткізу, әдемі кештер, кітап оқу жарыстарын ұйымдастыруды қолға алған түнгі кітапхана жобасының алғашқы күні ойдағыдай өтті. «Түнгі кітапхана» жобасы басталды. Университетте Аккредиттеу және рейтингтік тәуелсіз агенттігі (IAAR) тарапынан жүргізілген мамандандырылған аккредиттеу жұмысы аяқталды. Сыртқы сараптау комиссиясы жұмыс соңында Университет басшылығымен жоспарланған қорытынды кездесуін өткізді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРІНДЕ БОЛҒАН КӨТЕРІЛІСТЕР: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ

Қазіргі кезеңде тарих ғылымы үшін XX ғасыр тарихы – өте маңызды. Себебі, осы ғасыр аумағында ел тарихының шешуші маңызы бар саяси оқиғалар орын алды. 1920 жылдардың аяғындағы бай-кулак шаруашылықтарын тәркілеу және оларды әлеуметтік тап ретінде жою, ұжымдастыру және отырықшыландыру, кеңес үкіметінің ет, сүт, жүн, тері, астық салықтары қазақ қоғамының бұрын қалыптасқан даму заңдылықтарын бұзып қана қоймай, қазақ халқын аш-жалаңаштыққа, өлімге итермеледі.

1920 жылдардың аяғында қазақ даласында өмір үшін күрес басталды. Зерттеуші Синыциннің көрсетуінше 1920 жылдардың соңында КСРО-да 700 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық болса, оның 80 пайызын Қазақ өлкесі құрады. ІІІ ОГПУ (Біріккен саяси басқарманың арнайы өкілдігі) 1933 жылғы 25 қазандағы құпия мәліметінде «1929 жылы өлкеде 40 миллион 294 мың бас мал болса, 1930 жылы 24 миллион 607 мың бас, 1931 жылы 10 миллион 550 мың бас, 1932 жылы 5 миллион 526 мың бас, 1933 жылы 3 миллион 699 мың бас мал қалды деп есеп берген. 1929 жылмен салыстырғанда 1933 жылы мал басы 90,8 пайызға азайған. Көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда бұл көрсеткіш 94-95 пайызды құраған. Өлкеде мал өсіру толық күйреген» деп мәлімет береді. Мәлімет бойынша, мал мен шаруашылығынан айрылу қазақ шаруаларының қару алып көтеріліске шығуына, көршілес Қытай, Ресей және Орта Азия елдеріне жаппай көшуіне негіз болған. Кеңес үкіметінің мал дайындау жоспары 1931-1932 жылдары Қазақ өлкесі үшін 255,5 мың бас мал болса, бұл көрсеткіш Украинадан 1,5 есе, Кавказ бен Батыс Сібір облыстарынан 2,5 есе көп. Қазақстандағы 1929-1931 жылдардағы халық көтерілісі туралы негізгі дерек, ол 1992 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі комиссиясының қорытынды есебі болып табылады. Осы комиссия құрамында болған белгілі тарихшы Талас Омарбеков өзінің зерттеуінде алғаш рет 1929-1931 жылдардағы халық қозғалысы туралы «күштеп ұжымдастыру мен мүлкінен айыруға қарсы халық қарсылығы» деп қорытынды жасады. 1992 жылғы мемлекеттік комиссия қорытындысы бойынша 1929-1931 жылдары қазақ өлкесінде 372 көтеріліс болып, оған 80 мың адам қатысқан. 2021 жылдан бергі зерттеу қорытындысы бойынша 1992 жылғы қорытындыны біршама деректермен толықтыру маңызды. 2021 жылдан «саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі» республикалық жұмыс тобы мүшесі (кейін Талас Омарбековтың қайтыс болуына орал топархившісі) Арайлым Мұсағалиеваның ҰҚК орталық архивінде сақталған құжаттарды зерттеу нәтижесінде төмендегі цифрлық мәліметтерді жариялады. 1992 жылғы комиссия қорытындысы 1931 жылдың желтоқсанына дейінгі кезеңді қамтиды. 1931 жылдың желтоқсанынан кейін де қазақ өлкесінде халық қозғалысы жалғасты. 1932 жылдың 1 қаңтары мен 1 шілдесі арасында өлкеде 83 банды (1247 адамды біріктірген) тіркелген. Оның 10 бандысы туралы нақты мәлімет жоқ. 1932 жылдың 1 шілдесі мен 1 қазаны арасында 379 адамды біріктірген 30 банды болды. Осы уақытта 32 банды жойылды, ал 49 банды қайта пайда болды. 1932 жылы өлкеде кеңес органдарының күшімен 8 контрреволюциялық топ, 1400 жасақ, 179 банды құрамы, 3857 жеке бандылар жойылды. 1933 жылдың алғашқы төрт айында 5 контрреволюциялық топ, 1056 банды жасағы, 664 жеке бандылар жойылған. Соңғы зерттеулер бойынша шекараға жақын аудандарда 1929-1931 жылдары көршілес елдерге көшуді ұйымдастырған 194 банды жасақтары болған, олардың құрамында 5458 адам болды. Жылдарға бөлсек, 1929 жылы 351 адамды біріктірген 31 топ, 1930 жылы 1925 адамы бар 85 топ, 1931 жылы 3192 адамы бар 80 банды жасағы болды. 1929-1931 жылдары шекара аймақтарында: Алматы, Семей, Маңғыстау жерлерінде 2444 адамы бар 122 банды жасағы әрекет етті. 1931 жылы олардың 1610 адамы бар 21 тобы толық талқандалды. 479 адамы бар 18 банды жасағы жазалау шара-

ларынан қашып кеткен. Мемлекеттік комиссияның 2022 жылғы қорытындысы бойынша 1929-1933 жылдары қазақ өлкесінде 566 халық қозғалысы болды. Көтерілісшілердің қару-жарақтары да әркімкі еді. Қылыш, қанжар, балта, айыр, кетпеннен бастап аңшы мылтығы «бердеңке», нағандар, бесатар винтовкалар және соңғы үлгідегі жиырма атар винтовка қаруы болды. Қарапайым шаруалардың көпшілігі қарусыз және әлсіз, аш-жалаңаш еді. Қазақ өлкесінің көп бөлігінде, Гурьев, Ақтөбе, Адай уезі және солтүстікте саны аз көтерілісшілер топтары да кеңес үкіметінің аграрлық экономикадағы саясатына қарсы «Большевиктерсіз кеңестер» деген ұранмен қарсылық қозғалысына белсене

қызыл командирлер Серов, Киселев бастаған орыс қазақ бұрынғы әскерилері мен Жайық өзені бойындағы шаруалар қатысқан қозғалыс.

2.1924-1928 жылдары жекелеген адамдардың қарулы қарсылық көрсетуі: Құныскерей Қожақметов, Аманғали Кенжеахметов, Ергали Аязбаев, Жұмағали Жанғозин, Қошанов Құрмаш (Тоқабай Құрмаш, Адай Құрмаш) бастаған шағын топтардың бас көтеруі.

3.Кеңес үкіметінің тәркілеу, ұжымдастыру және салық саясатына қарсы топ болып немесе ру, ауыл болып қарулы қарсылық көрсетуі. Жилокоса ауылдарының қарулы бас көтеруі, Новобогат немесе Айбас ауылы көтерілісі, Маңғыстау ауданындағы Адай руы ауылдарының қарулы көтерілісі.

5.1941-45 жылдары соғыс кезінде 59\3 бабымен банды қозғалысына қатысқан 60 адам Гурьев облысы аудандарының НКВД үштігі шешімімен 5 жыл еңбекпен түзету лагерлеріне және еңбек майданына жіберілген. Түгел ақталмаған. Сондай-ақ, әр кезеңде сотталған 11 адам тізімі бар. Олар да ақталмаған.

Тарих парақтарын ақтарған сайын тарих тағылымы мен тәжірибесінің мол мұрасы қалыптасқандығына көз жеткіземіз. 1920 жылдардың аяғында кеңестік дәуірде коммунистік идеологияның ықпалымен қазақ жұртшылығының әлеуметтік құрамына байланысты қабылданған шешімдер бүкіл Ресей мемлекетінде қалыптасқан стереотиптер шеңберінде қабылданды. Қазақ



араласты. ҚР ҰҚК орталық архивіндегі деректер бойынша 1932 жылы көтеріліске қатысқан 139 адам сотсыз, тергеусіз өлім құшты. 2 384 адам, әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, концлагерге жіберілді. 1992 жылғы мемлекеттік комиссия қорытындысы бойынша 1929-1931 жылдары ОГПУ органдары көтеріліске қатысқан 5 551 адамды тұтқындаса, оның 883 і атылған. ҚР Президенті архивінің жабық қорлары мен ҚР ҰҚК архиві материалдарын, 2021-22 жылдары қайта зерттеп, саралау негізінде өлкеде 1929-1931 жылдары болған 32 ірі халық көтерілісіне 35 604 адам қатысқаны, олардың 12 890 шаруашылыққа біріккені анықталды. Осы, көтеріліске қатысқан адамдардың 3539 ы майдан дадасында оққа ұпса, 23 адам түрмелерде қайтыс болды, 6 448 адам тұтқындалды және оның кейбірі тергеуден соң босатылды. 1 091 адам атылды. 1931 жылы қарсылықтың нағыз күшейген кезі, Гурьевте 1931 жылдың маусым-қыркүйегі, Ақтөбеде наурыз-тамыз айлары, Алматыда тамыз-қыркүйек, Семейде шілде-қазан айлары, Қарағанды өңірінде шілде айы, Шымкент пен оңтүстік жерлерде шілде-қыркүйек айларындағы көтеріліс уақытында 580 адам соғыс үстінде оққа ұшқан.

Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша жүргізілген іздестіру, ғылыми саралау барысында Атырау аумағында да 1920 жылдары шаруалардың көтерілістері болғаны тарихи анықталды.

Атырау (Гурьев) аумағында болған халық қозғалыстарын ұйымдасуы мен құрамы жөнінен бірнеше топқа бөлуге болады.

1.1920-1923 жылдары кеңес үкіметінің алғашқы билік жылдары большевиктік билікке қарсы халық қозғалыстары. 1921 жылғы 02 сәуірдегі Гурьев қаласындағы бүлік. Азамат соғысына қатысушы,

Халық қозғалысына қатысқандарды жазалау төмендегідей жылдары жүргізілді: 1921-28 жылдары ату және концлагерлерге жабу; 1929-36 жылдары ату және концлагерлерге жабу; 1937-38 жылдары тек қана ату және 10 жыл еңбекпен түзеу мекемесіне соттау жазасы қолданылды; 1942 жылы майдан шебі жақындағанда НКВД үштіктері 1921-23, 1928-32 жылдары кеңес үкіметіне қарсы қозғалысқа қатынасқандарды ұстап түрмеге қамады және «еңбек армиясына» күштеп жіберді.

1.1921 жылғы Гурьев қаласындағы халық қозғалысы бойынша Төменгі Еділ әскери округі Орал қаласы гарнизоны үкімімен 59 адам жазаланды: оның 4-і ату, қалғандары 55 адам 1-10 жыл мерзімге концлагерге сотталды. Бәрі ақталмаған.

2.Новобогат ауданы Айбас ауылындағы көтеріліс бойынша Батыс Қазақстан ОГПУ үштігі шешімімен сотталғандар саны-37, оның ішінде ату жазасына 1 адам, 10 жыл концлагерге 5 адам, 5 жыл концлагерге сотталғандар 9 адам, 3 жыл концлагерге сотталғандар 16 адам, 1 жыл концлагерге сотталғандар 6 адам. Осы 37 адам түгел ақталған жоқ.

3.Жилокоса бас көтеруі бойынша Гурьев аумақтық сотының үкімімен сотталғандар – 35 адам. Оның бәрі 3 жыл мерзімге концлагерге жабылды, 9-ы Гурьев түрмесінде қайтыс болды. 1994 жылы 35 түгел ақталды.

4. Қазақстан ОГПУ Бас Басқармасының жанындағы арнайы үштік шешімімен 1931 жылы 22 желтоқсанда Жилокоса-Маңғыстау, Қызылқоға аудандарында әрекет еткен қарулы топ мүшелеріне үкім шықты: Ату жазасына 13 адам, 10 жыл концлагерге 110 адам, Қазақстанның өз аумағында жер аударуға 13 адам сотталды. Ұсталған 348 адам бір жыл тергеуден соң босатылды. Оның 9-ы тергеу кезінде қайтыс болып, жартылай ақталды.

Халқының ұлттық ерекшеліктері мүлде ескерілмей, жұртшылықты үстем тап пен қанаушы тапқа бөліп қарастырды. Ал шындығында Қазақ қоғамында Европа мен Ресейдегідей кедейлерді сүліктей сорған бай-феодалдардың болмағандығын орыс зерттеушілері профессор Кушнер мен Полочанский XX ғасырдың 20 жылдары атап көрсеткен болатын. Жерінен, мал мүлкінен айыру қазақ шаруаларын әлеуметтік тап ретінде ғана емес өмір сүру құқығынан айыру сипатында болды. Сондықтан, 1929-1931 жылдары өлкені шарпыған көтерілістер толқыны 18-19 ғасырдағы халқымыздың азаттық үшін күресімен және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісімен бірдей деңгейде болды десек қателеспейміз. Осы мәні бар саяси оқиғаны тарихи саралағанда, тарих ғылымын зерттеу мен оған тиісті баға берудегі және оны жас ұрпақ санасына жеткізудегі кеңестік идеология мен пікірлерден, тұжырымдардан арылып әлемдік тарихты құрамды бөлшегі мен өзіндік ерекшеліктеріміз бен ұлттық болмысымызды ерекше көрсетуге мән беруіміз қажет. Бүгінгі отандық тарих ғылымының басты міндеттерінің бірі қазіргі ұрпағымызды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу болып табылады. Ал патриотизм рухында тәрбие беру қоғамның өткені мен бүгінін байланыстыратын тарихи сананы қалыптастырмайынша мүмкін емес. Сондықтан да отандық тарихты оқып үйрену, оны ұрпақ санасына жеткізу – бүгінгі күндегі басты міндеттердің бірі болып табылады.

Лесқали БЕРДІҒОЖИН,
тарих ғылымдарының докторы,

Дана АЛИПОВА,
Х.Досмухамедов атындағы
Атырау университеті Қазақстан
және дүниежүзі тарихы
кафедрасы меңгерушісі

«ҚАЗТУҒАНДАР ҚАЛҒАН ІЗ, ТАБЫЛДЫ – РУХ АЛДАСПАНЫ»

Атырау жұртшылығы ҚР Мәдениет қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш бард ақын, танымал жерлесіміз, өмірден өзі кетсе де өшпестей ізі қалған Табылды Досымовтың сыршыл әндерін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен «Қазтуғандар қалған із, Табылды – рух алдаспаны» атты кездесу кешінде тағы бір мәрте тыңдап, танымал жерлестерін еске алды.

«Жақында келген сапарында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірден шыққан ұлы тұлғаларды атай келе, «Табылдыдай ақынның туған жері» деп атап көрсетуі оның Атыраудың ғана емес, күллі қазақтың мақтанышы екенін көрсетсе керек», – деген университет ректоры Саламат Идрисов мұндай мазмұнды шараның жастарды рухани тәрбиелеудегі орны, берері ерекше екенін атап өтті.

Әдемі кешке Табылды Досымовтың жары Қарлығаш Басарқызы, әке жолын жалғап, аманатын орындап, үлкен сахналарда өнер көрсетіп жүрген ұлы Абыл және белгілі жазушы Мереке Құлкенов, көрнекті ақындар Светқали Нұржан мен Бауыржан Жақып, талантты тарланның досы Әубәкір Сымайылов, Т.Досымов атындағы қордың директоры Бижан Қалмағамбетов қатысып, ақын әндерін Есенбай Құли пен Асхат Әмірғали нәшіне келтіре орындады.

Табылды Досымов 2010 жылғы қараша айында баржоғы 45 жасқа қараған шағында жұлдыздай жарқ етіп, өмірден өтіп кете барды. Оның өмірбаянындағы бір дерек – бард әншінің 1986 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінде оқып жүрген кезінде Желтоқсан оқиғасына қатысқандығы. Ел тағдыры сыналған тұста сырт қала алмай, азаматтық позициясын білдірген Табылды одан кейін қудаланып, Атырауына оралуға мәжбүр болады. Осы жағдайдан кейін «Мен қазақпын» әні дүниеге келеді. Айтқандай, ақын шығармашылығынан бірінші болып орындалған ән де «Мен қазақпын» болды.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ, Қазақстан жазушылар одағының басқарма төрағасының орынбасары: Табылды өз әндерінде барлық жан дүниесін, сезім танымын, Атырау деген елдің басқалардан артық болмаса кем еместігін көрсетті. Руханият өміріндегі ерекше лүпілдерді паш етті. Бүгінде оның өмірден өткеніне де 12 жыл өтіпті, қарап тұрсаң, мүшел жасқа аз жетпейтін уақыт. Сол уақыттан бері оның әндерін айтып, онымен жастарды тәрбиелеп, көптің жан дүниесіндегі рухты оятып келе жатқанымыз – ақынның мәңгі өлмес мұрасын айғақтаса керек. Табылды – қазақ руханиятына алтын



ұясын салып кеткен композитор, оның өз алдына бөлек мектебі бар, жетуге тырысқандар, еліктейтіндер көп, ол біле білгенге мақтаныш емес пе?! Біз маңдайға басқан ерекше адамнан айрылғанымызды жыл өткен сайын сезініп келеміз. Табыл арқылы қазақ өзінің кім екенін, басқалардан ерекше екенін сезген еді. Сол адам аяқ астынан Жүмекен, Мұқағали, Төлеген сияқты өмірден аяқ асты өтті де кете барды. Сірә, құйрықты жұлдыз сияқты, шын таланттар да солай ағып өтетін болар.

Жазушы Мереке Құлкенов жиында Т.Досымовтың шығармаларын қайтадан жинақтап, әндер жинағын шығару, музейін жасақтау керектігіне назар аударды. Ал оның келте ғұмыр кешкен шығармашылық адамдары жөніндегі ойын өз кезегінде Бауыржан Жақып та жалғастырып, пікір білдірді.

Светқали Нұржан, ақын, қайраткер: Адамның тағдыры сияқты өлеңнің де тағдыры болады. Алыптардың тағдыры соның ішінде алабөтен. Ондай тұлғалар жастық шағынан басын әр нәрсеге соғады, бақытты ғұмыр кешетіні де сирек, себебі, қоғам дертін жүрегіне жақын қабылдап, өзінен өткереді. Табылды да осындай қоғамның олқылықтарына, империялық үстемдікке наразылық таныта жүріп, қыршын кеткен ағаларының жоғын жоқтады, ізін іздеп еді. Осы күз айында біздің танысып, табысқанымызға 40 жыл болыпты, 28 жыл бірге өткізіп жер бетінде. Талай таңды таңға атырып, әңгімелестік, сырластық, сол жылдарда талай туынды өмірге келді. 2001 жылы бір өлең жаздым, сол «Жайық» өлеңін Табылға арнағам, осы күні қарасам бейне сақтандырған сияқты жазып-пын.

Осылай деген арынды ақын «Жайық» және «Махамбет» өлеңдерін оқып беріп, жиналғандардың мол қошеметіне бөленді.



Бауыржан Жақып, ақын, журналист, профессор: Мен бүгін Табылдыны еске алып, жылы естеліктерімізбен бөлісіп отырғанымызға бек қуаныштымын еске алып отырғанымызға. Атырау жері маған ыстық, өйткені, осы жерде мені ғылым жолына жетелеген ұстазым, қазақтың алды жетпістен асқан көптеген танымал қаламгерлерінің ұстазы Тауман Амандосов туып-өскен. Кезінде ҚазҰУде (Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) Тауман Амандосов декан, Мұхтар Әуезов сол факультеттің профессоры болған ғой, содан біз ол кісіні «Әуезовтың деканы» дейтінбіз. Атырау – биыл жер-жерде 95 жылдығы сән-салтанатымен аталып өтіп жатқан Зейнолла Қабдоловтың елі. Бүгін Табылдың басына барып Құран оқыдық, ескерткішін құлақтап суретке түстік, бойымызда оған деген ерекше сағыныш барын тағы сезіндік. Табыл кештеу бізбен оқыды. Өзі бойшаң, алып денелі, бірден көзге түсетін алып, абзал азамат еді. Жастар бір-біріне дес бермей, кезек-кезек өлең оқитын керемет кештер өтуші еді. Сол кезде Ресей отарлығына деген іштей қарсылығымыз болды ма екен, ұлттық рухымыз болды. Қазіргі күні ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне қайтадан қайтқан 5 жатақханасындағы Табылды жатқан бөлмеге «Ақын, әнші композитор Табылды Аяшұлы Досымов тұрған» деп жазылған. Шүкір, елі Табылды ұмытпай, есіне алып отыр. Екі жыл бұрын Ақтөбеде өткен Табыл әндерінің байқауына куә болып та, сүйсініп, риза болып қайтқам. Осындай шаралап көптеп өтсе деген тілегім бар.

Бижан Қалмағамбетов, Табылды мұрасын насихаттаушы: Мен Табылдымен бірге оқыған жоқпын, бірақ, оның жанына еріп, ол бәрімен таныстырып, аралас-құралас жүргеннен кейін курстасы сияқты жүруші едім. Кейін келе оның достар бүтін Қазақстанда бар екенін көріп, көңіл тоғайтып жатырмыз. Ол дүниеден өткесін бір жылдан кейін ашылған қорға бүгінде он жыл толыпты. қор ашылды, қазір оған 10 жыл толды. Осы уақыт ішінде Табылды әндерінің кештері елімізден бөлек, Ресей, Қытай, Монғолия елдерінде де өткізіліп, үлкен сахналардан шырқалды. Оның ізін қуған, мұрасын түгендеген шәкірттері көбейіп келеді. Соның



барлығы үлкен жетістік деп білемін.

Сондай-ақ, Табылды Досымов жайлы жылы естелігімен бөліскен досы Әубәкір Сымайылов бір кездері өзіне Табыл жолдаған, содан бері сарғайып кеткенше сақталып келе жатқан хаттарды оның отбасына табыстап, келешекте ақынның музейі ашылып жатса, сол жерден орын табарына сенетінін жеткізді.

Бард ақын Табылды Досымовтың «Биіктік» атты жыр кеші бұдан кейін Махамбет атындағы облыстық

МЕН ҚАЗАҚПЫН

Табылды Досымов

Мен қазақпын, жүре алмайтын
Шаттанбаса, күлмесе.
Мен қазақпын,
Ішкен асын тастай салар жыр десе.
Мен қазақпын,
Ашуланып, талақ қылар тірлікті,
Шайға бола бір кесе...
Мен бұл күнде құл емеспін,
Күң емеспін, Азатпын!
Енді азатпын,
Басымыздан өткен талай тозақ күн.
Мен қазақпын,
Жалғыз атын сыйға арнайтын қонаққа,
Ертесіне қиналмайтын қазақпын.
Мен қазақпын,
Басқа жанмын деп айтуға жоқ дәрмен.
Мен қазақпын,
Азапты да, ғажапты да көп көрген.
Мен қазақпын,
Жүрегімде шырылдаған шындықты
Жасқамандар шоқпанмен!...
Мен қазақпын, мен қазақпын,
Қазақпын деп айтам ән.
Халқым үшін қан додаға кірмей
қалай жай табам?!
Менің қаным тіберенсе,
Тентек Каспий секілді,
Қинайтұғын, ұйымайтұғын,
Арнасына сыймайтұғын қайтадан...

ТАБЫЛДЫ АЯШҰЛЫ ДОСЫМҒА

Светқали Нұржан

Ақ Жайық – ақ көйлектей ілгері жоқ,
Көп шалған бір жағын оқ, бір жеңін от.
Айналып төбесінен кете алмаймын,
Сәуірде көшкен бұлттың дүрмегі боп.
Кісінеп көкмойнақ тал бір мені жоқ,
Өрт жалап жал-құйрығын түнге кіреді.
Естіп пе ең, ей, Табылжан, білгені көп,
Жайықта Тұмар апаң теңізге атқан,
Әлі күн Кирдің басы жүр көрінеді?!
Ақ Жайық Хақ қолынан түскен қасық,
Беріп жүр несібесін дұшпанға асып.
Қаныма Кирдің шөлі қанған күні,
Кіреді қойыныма мыстан басып.
Ақ Жайық – қазағымның қанды өзені,
Жағасын ұлдары айтқан ән кезеді.
Талтаңдап топас тарих тепкенменен,
Жұлыны жұлынбаған жанды өзегі.
Ақ Жайық – Құдай сызған ұлы сурет,
Жұмаққа бастар жолдың бір ұшы жоқ.
Қыл қапқан жүзін кейде айға қайрап,
Желкемді қиды орыстың қылышы боп.
Жоғалар қойынына жасыны өліп,
Сияқты кей кездерде жасыл өлік.
... «Кир басы» деп тұрғаным,
Қан толқыннан шығады
Махамбеттің басы болып.
Деп – мынау селді аранның қалай шықтым?
Тат шалған кірпігімді талай сықтым.
Қарайды ештеңе айтпай бақырайтып,
Сыңсыған сансыз басы Сарыайшықтың.
Табылжан, асылы – Алаш, нәсілі – Адай,
Көзіңе көк толқыннан шашырады ай.
Жүрсің ғой Ақ Жайықтың жағасында,
Дегенмен, бол, қарағым, басыңа абай.

БІЗДІҢ БИЗНЕС-ЖОБАЛАР



Газеттің өткен санында 2022 жылдың қараша айында өткен «Startup2021» университетішілік жастар бизнес-жобалар конкурсының есеп беру шарасында 5 жоба жеңіске жеткенін жариялаған едік. Бұл жолы сол жобалардың бірнешеуіне тоқтала кетпекпіз. Өмір сүру сапасын арттырып, студенттерге қолайлы жағдай қалыптастыру, қолжетімді бағада студенттерді тағам өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында пайда болған «BARIBAR» шағынмаркет жобасы конкурстан 200 000 теңгелік грант ұтқан болатын. Жоба биылдан бастап басқаша форматта жүзеге асырылуда. Қоғамның руханы ахуалын дамытып, қайырымдылық жо-

лында жұмыс істеуді жөн санаған экономика және құқық факультетінің студенті Назым Жолдасбай Назым бұл жобаның негізгі авторы. «Сатып алыңыз да, қайырымдылық жасаңыз!» деп аталатын ендігі шағын маркет бұрынғыдан да студенттердің арасында танымал жобалардың бірі болатынына сенімді. Бизнес-жобалар конкурсына қатысқан кезекті физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері Әміржан Сайфонов пен Ақаділ Жақия, Дәурен Гапаров «Гидропоникалық автоматтандырылған жылыжай» жобасын ұсынып, 500 000 теңгелік грант ұтты. Өңірімізде көп өсіріле бермейтін дақылдарды арнайы

жабдықталған жылыжайда өсіріп, жыл сайын тұрақты өнім беріп тұруын мақсат ететін студенттер бастапқыда бұл жобаға 400 мың теңгедей қаржы жұмсаған. Үкімет тарапынан қызығушылық болмаса да, университет арнайы орнымен қамтамасыз ететін бұл іске басқа студенттер де бірігіп, қоян-қолтық араласуда. «Жылыжайда бүгінде ақжелкен, аскөк, райхан (базиллик), құлпынай сынды дақылдар өсірілуде, ал олардың бөлме градусы 19-24 аралығында болуы қажет. Енді қарқын алып іске жатқан өсімдік өсіру ісінің келесі сатысы оларды сатылымға шығарып, жобаны одан әрі қарай дамыту», - дейді бизнес-жоба авторлары.

БОЛАР ЕЛДІҢ БАЛАЛАРЫ

«Atyrau Youth Hackathon» инновациялық жобалар байқауының жеңімпазы, «туризм және сервис» мамандығының студенті Мәдина Қожабауан: Мен ағылшын тілін үйренетін «Lingua» театр студиясын құру идеясын ұсындым. Студияның мақсаты - балаларға қойылымдар, ертегілер, шағын пьесалар арқылы ағылшын тілін үйрету. Сонымен қатар, актерлік сабақтар балалардың өзін-өзі ашуына, эмоцияларды басқаруға, көрермендерден қорқуды жеңуге көмектеседі, балалардың есте сақтау қабілеті мен сөздік қорын дамытады. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мәселесі әрқашан өзекті. Қазіргі уақытта балалар үнемі гаджеттерде отырғанда, аз қозғалады, көркем әдебиетті оқымайды,



Және өсе келе арманым мақсатқа айналып, ұстаздық жолды таңдадым. ҰБТ-ге ешқандай репетитордың көмегісіз өз бетіммен дайындалып, 111 балмен грантқа түскен болатынымын. Ақпараттарды оңай әрі есте қаларлықтай қабылдау үшін ойындар мен тәсілдер шығарып, қолданатынымын. Білімімді жетілдіру мақсатында көптеген педагогикалық вебинарлар мен семинарларға қатысып келемін. Солай ақпарат қорым молаяда. Енді қолымда бар авторлық материалдарды жарыққа шығарып, жобамды жүзеге асырғым келіп жүрген. Сөйтіп, осы байқауды кезіктірдім. Еңбегім мен өтімді таныстырылымның арқасында жүлделі орын мен қаржылай сыйақыға ие болдым. Қуанышымда шек жоқ. Бұйырса, әлі алда талай шыңдарды бағындырып, білім саласының дамуына өз үлесімді қоспақпын.



балалардың бос уақытын ұйымдастырудың инновациялық әдістері өте қажет. Менің жобам арқылы оқушылар ағылшын түрін ойын түрінде оқып, біле алады. Бұл студияны университет базасындағы «KIDS University» балалар университетінде болады. Бірақ бұл шешімді қазіргі таңда растай алмаймын. Өйткені, басшылықпен келісіп, сөйлесу керек. Дегенмен де біздің университет жаңалықтарға ашық екенін және басшылық әрқашан студенттердің бастамаларын қолдайтындығын білемін. Б нұсқасы ретінде бұл жобаны бір сағаттық төлеммен қаладағы залдарды жалға алу арқылы жүзеге асыруға болатындығын да ойлап қойдым. Команда жоба жетекшісін, сценарист-режиссер, ағылшын тілі мұғалімі болады. Сонымен қатар, аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларға, ерекше балаларды да қабылдап, оларға мүмкіндік сыйлау ойымда бар. Осылайша, «Lingua» театры студиясының идеясы балаларға тілді жаңаша үйренуге ғана емес (айтпақшы, бұл тұжырымдаманы орыс мектептері үшін қазақ тілін үйрену үшін де сәтті қолдануға болады), сонымен қатар, белсенді жастарды ортақ мақсатпен біріктіруге көмектеседі.

Гүлнұр Ермекқызы, бастауыш білім беру мамандығының 1 курс студенті: Мен ұсынған «Al.Ash.Brand» жобасы оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған ойындар мен арнайы авторлық блокноттар жөнінде болды. Өзім кішкентай кезімнен бауырларыма апай болып ойнайтын едім.



Назерке Мұхаметжан, гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің «музыка және өнер» кафедрасының студенті: Мен @ukulele_atyrau деп аталатын музыкалық аспаптар дүкенін және үйірмесі жобасын ұсындым. Қазіргі қоғамда сатушы мен сатып алушының арасындағы байланыстың болмауы, тұтынушыларға көрсетілетін сервистің төмендігі, қолжетімді бағадағы тауарлардың болмауы сынды өзекті проблемаларды ортаға салған оның бұл жобасы аталғандарды өзінен аулақ ұстайды деп есептейді. Аталған жоба мүмкіндігі шектеулі жандардың жаңа нәрсені үйренуіне, сатып алушының сабақтарға тегін қатысуына және қоғамда жаңа бағыттағы жаңаша стильде өнерлі жастардың дамуына себеп болады.



ӘР ЖЕҢІСТЕН ЖІГЕРЛЕНЕМІН

Еңселі еліміздің мәртебесін көтеріп, спорттағы жетістіктерімізге үлкен үлес қосып жүрген білім ордамыздың тағы бір студенті - Чехия елі Пардубица қаласында өткен каратэ – до спортынан сайыста әлем чемпионы атанған дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті Нұрбек Кенжебайұлы.

– Жеңіспен келген жарыс туралы айтып берсеңіз? Кімдермен бақ сынастыңыз?

– Бұл жарыс Чехия елі Пардубица қаласында өте жоғары деңгейде өтті. Әлемнің 120 елінен 1400-ден астам спортшы қатысты. Мен ерлер арасында 60 келі салмақта өнер көрсеттім. Қарсыластарым Чехия, Венгрия, Түркіменстан және Румыния елдерінің спортшылары болды. Шаршы алаңда әбден ысылған спортшылармен күш сынасу оңайға түспеді. Дегенмен, олардың дәрежесіне қараймай жеңіп шықтым. Ақтық сында Түркіменстан спортшысымен шығып, өз күшіме сенсемде өте қиын жекпе-жек болды. Дегенмен, 6:2 есебімен қарсыласымды жеңіп, жарыстың алтын жүлдесін жеңіп алдым. Бұл жеңіс маған оңайлықпен келген жоқ.

– Осындай спорттағы алғашқы қадамды айтып кетсең. Бапкерің кім болды?

– Мен спортқа 2010 жылы келдім. Еркінқала селосы «QAISAR» спорт клубында жаттығып бастап, әлі күнге дейін осы спорттың жанына бір елі алыстаған емеспін. Осындай үлкен алаңға шығуға мүмкіндік берген, әрқашан қолдауы мен қолдауымен бізден аямаған жаттықтырушымыз Болат Избасқанов болды. Ол кісіге айтар алғысым шексіз. Өйткені бізді жоғары деңгейде жаттықтырып, мотивация бере алады.

– Сені әлем чемпионы деп атаған сәтте қандай әсерде болдың, қалай дегенмен де шетелде еліміздің көк туын желбірету кім-кімге де оңай соқпасы

анық.

– Жекпе-жекте жеңген кезімде кеудемді бір ерекше сезім бойлады. Осы дода үшін төккен тердің, ақталған еңбектің сәтті болғанына, еліміздің туын биікте желбіретіп, әнұранымызды өзге елде шырқатқан кезде ерекше әсер сезілді. Бұл жеңісім оңайлықпен келмеген соң алдағы көрсетер додаларыма бұл үлкен тәжірибе, сабақ болды.

– Биік жетістікке жетудің құпиясы қандай, сеніңше?

– Биік жетістікке жету үшін тынбай еңбек ету керек, алға мақсат қою керек және сол мақсат жолында кедергілерге төтеп беріп, берілмеу қажет деп ойлаймын. Әріна спортшы болғасын әртүрлі жарақаттар болады, бірде жеңесің, бірде жеңілесің. Соған сынбай, әр жеңістен жігерленіп, жеңілістен шабыт алып, жоғарылай беру керек.

– Осы тұста кімге алғыс айтар едің?

– Алдымен маған үнемі қолдау көрсетіп, барлық жағдайымды жасап отырған ата-анам, осындай жетістіктерге жетуіме бірден-бір себепкер болған «Қайсар» спорт клубының жаттықтырушыларына алғыс айтамын. Сонымен бірге, жеткен жетістігімді елеп, қолдау көрсетіп отырған өзіміздің университетіміздің ректоры Саламат Нұрмұханұлына алғысым шексіз.

– Бүгінгі ашық әңгімеңе бек рақмет. Жетер жетістігің, шығар шыңың әрқашан биік болсын!

Наргиз САМҒАТҚЫЗЫ

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Қ.Қуатова – редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
А.Өтемісқызы

Редакция:

Н.Самғат
Б.Берениязова
Қ.Әбдібек

электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау – Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #2348 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана